



Ж.У. Жазықбаев¹, А.Ж. Кошеков²

¹С. Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің
Әскери институты, Алматы, Қазақстан

²ҚР ҚМ Халықаралық ынтымақтастық департаменті, Астана, Қазақстан
(E-mail Zhasulan-14@mail.ru)

Кешенді тренажердан граната атуға даярлау және қимыл әрекеттерін жетілдіру

Мақалада бастапқы даярлықтан өту, сондай-ақ курсанттарды оқыту процессінде гранататқыштарды қолдануға және одан нысананы дұрыс көздеп атуға ерекше назар аударады. Автор "атыс дайындығы" сабағын жан-жақты жетілдіру үшін мақсаттар мен міндеттерді қоя отырып оның шешілу жолдарын көрсетеді. Әскери жоғарғы оқу орындарында атыс даярлығы курсы менгеру жүйесінде қазіргі заманғы техникалық тренажерларды қолдану мәселелерін көтереді.

Бүгінгі таңда гранатқыш кешендік тренажер бойынша теориялық материалдардың базасын заманауи тұрғыда қамтамасыз ету керек екендігін жеткізеді. Атыс дайындығы пәні бойынша курсанттарды оқыту процессінде тренажерларды пайдаланудың техникалық тренажерлерді көбірек санын енгізу қажеттілігін негіздейді. Ізденуші курсанттарға гранатқыш қаруын қолданудың тиімді дағдыларын үйрету жолдарына әдіснама ұсынады.

Кілт сөздер: қаруды ұстау, бақылау тобы, нақты түсу нүктелері, оптикалық-электронды тренажеры, гранататқыш

Кіріспе

Әскери жоғарғы оқу орындарының мақсат міндеттері – білікті кәсіби маман даярлап шығару. Кейінгі кезде орын алып жатқан сынық саясаттың соңы соғыс қақтығыстарына ұласып жатыр. Құрлық әскерлерінде заманауи соғыс пен қарулы шиеленістердің сипатына сәйкес әскери оқу орындарында жауынгерлік қызметтің сапасын арттыру жұмысы оқу білім беру процессімен тығыз байланысты.

Бауыржан Момышұлы: «Армия заманауи техникамен жабдықталған болса да, егер де оның жеке құрамы жауынгерлік машықты жан-жақты өтпесе, ал офицелер әскерлерді үйрету және басқару тәсілдерін, әдістерін, техниканы және атысты нашар игерсе, онда ол армия жарамсыз тобыр болып қалады және қарсыластың негізгі соққысы кезінде бытырап шашылады» - деп ой түйген [1].

Сондықтанда әскери мамандардың кәсіби деңгейін шынғау мәселесі кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Граната атуды дұрыс үйрету оқу жүйесін қарастырған ғалымдардың қатарында: Маковская



Л.А., Борисик Е.Г., Борятинский М.Б., Галаган Л.Ф., Волков С., Байсұлтанов А.Б. т.б. айтуымызға болады.

Зерттеу әдістері

Мақаланың әдіснамасы ретінде әскери заңнамалық негізіне тоқталып логикалықтың бірлігі әдісі, жүйелілік, нақтылық, біртұтастық, методологиялық принциптері басшылыққа алынды.

Әскери оқу мен оқытуда кездесетін мәселелерді көтеруге, тренажерлардан гранататқышты қарастыруда «ГП-25» пен «РПГ-7» сипаттаумен қатар салыстыра зерттеуге, талдауға мүмкіндік берді.

Негізгі бөлім

Техникалық оқу құралы гранататқыш кешендік тренажерларда оқыту экранда бейне сюжетті көбейту негізінде құрылады. Тренажер білім алушылардың бастапқы граната ату даярлығын өткізуге, тіреудің дұрыс орнатылуын үйренуге, қаруды ұстауға, мақсат пен міндетті қою керектігін түсінуге мүмкіндік береді. Тренажер сізге белгілі бір позицияда немесе қозғалу кезінде де ату дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Статикалық, динамикалық және проекцияланатын нысана бойынша мақсатты және интуитивті атысты пысықтауға, сондай-ақ атыс шебінен кез келген бағытта орнатылған бірнеше нысана бойынша әртүрлі позициялардан жүргізуге болады. Қауіпсіздік талаптарын сақтау тұрғысынан, бұл сабақ қозғалыстарымен, серпілістермен, бұрылыстармен байланысты. Тренажер бірнеше білім алушымен бір уақытта сабақ өткізуге мүмкіндік береді, бұл да оқу ісінде маңызды болып табылады, өйткені білім алушы әр түрлі топтардың құрамында әрекет етуге тура келетін жағдайлар болады, сондықтан оларға жанындағы сарбаздың шынтағын сезінуді үйрену, осындай әрекеттерді орындау кезінде жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін айналадағы жағдайды бағалай білуде тренажер осындай оқыту кезінде өте ыңғайлы құрал болып табылады. Тир лазерлік нүктенің координаттарын анықтауға және оларды компьютер процессорына беруге көмектесетін моноблок камераларынан тұрады. Түсірілген кадрдың барлық мәліметтерін экранда көруге болады, өйткені бағдарлама тиімді ату үшін барлық қажетті ақпаратты мұқият жазып алады, сонымен қатар бағалау жүргізіледі. Ату нәтижесі мен жаттығуды бағалау экранда көрсетіледі және оқытушының одан әрі оқуы үшін принтерге басып шығарылуы мүмкін, оқу барысында мұғалім бастаушы атқыштардағы қателіктерді анықтап, олардың қайталануына жол бермейді.

Оқу процесінде тренажерларды қолдану физикалық және кәсіптік білім берудің перспективалы бағыты болып табылады. Гранататқыш күш құрылымдарында кеңінен қолданады. Сондықтан атыс дайындығында білім беру және оқыту аспектілері біздің еліміздегі компьютерлік және лазерлік технологиялардың дамуына сәйкес келеді. Дәл осы технологиялар атудың



сапасын ғана емес, Қорғаныс министрлігінің білім беру мекемелерінің курсанттарын даярлау технологиясын да жетілдіруге мүмкіндік береді [2].

Ату даярлық нормативтері – бұл оқу-ату жаттығуларда, сондай-ақ қарулану мен жауынгерлік техникада жарғылармен, ережелермен, басшылық құралдармен және нұсқаушылықтарымен ескерілген кезектілікті (тәртіпті) сақтаумен жеке әскери қызметшілер және бөлімшелермен айқындалған тапсырмаларды, тәсілдерді және әрекеттерді орындаудың уақыттық, сандық және сапалық көрсеткіші.

Оқып үйренуден бұрын бекітілген нормативтермен танысады. Сабақтар мен оқу-жаттығуларда нормативтерді пысықтау ұрыс алаңында тәсілдер мен әдістерді толық жетілдіруге мүмкіндік береді, жеке құрамның атуы гранататқыш қаруын тез меңгеруге, оларды жауынгерлік әзірлікке келтіру мерзімдерін қысқартуға ықпал етеді. Ату даярлық бойынша нормативтер қару-жарақтың және гранататқыштың сипаттамаларын ескеріп, әскерлерді оқыту тәжірибесінің негізіндегі жарғылар, ережелер, басшылық құралдар және нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес әзірленді.

Нормативтер арнайы жаттығуларда, жоспарлық сабақтар мен оқу-жаттығуларда пысықталады. Нормативтерді пысықтаудың алдында курсанттар қолданудың ережелерін, қауіпсіздік шараларды және қажетті теориялық ережелерді үйренеді.

Сабақтар барысында нормативтерді баяу қарқынмен орындауды үйренеді, одан кейін нормативті толығымен пысықтауға көшу керек, тек содан кейін қарқынды жаттығуға көшуі тиіс.

Гранататқыш кешендік тренажерларды қолданудың негізгі міндеті – сабақтың өтуіне ыңғайлы ету, атыс жаттығуларын нақты орындауға жағдай жасау.

Қол гранататқыш «РПГ-7» тренажерларының деңгейі жоғары перспективалы болып табылады. Жұмысқа даяр болу үшін «РПГ-7» ешқандай жөндеуді қажет етпейді, және оның өлшемдері мен салмағын арттырмайтын оптикалық-электронды модульмен жабдықталған. Бұл тренажерді пайдалану кезінде жаттығу жағдайларын нақты жағдайға барынша жақындату динамикада жаттығуларды орындау мүмкіндігіне байланысты, қару-жарақты қаптамадан алу арқылы қамтамасыз етіледі.

«ГП-25» жүйелік блокпен байланыстыратын «РПГ-7» тренажермен салыстырғанда білім беру мекемелерінде және басқа да күш ведомстволарында жауынгерлік атысты үйреткен кезде қолайлы. «ГП-25» оптикалық-электронды тренажерында жаттығу кезінде дәл атудың негізгі элементтерін қалыптастыруға болады: қаруды нысанаға дәлдеу, көру, тыныс алу, атыс жаттығуларын орындау кезінде, таймерді қосу арқылы жылдам өндірісте, сондай-ақ орнынан атуды орындау кезінде оқудың бастапқы кезеңдерінде курсанттардың қателіктерін анықтау және түзету қажеттілігі туады [3].

Тренажердің ерекше маңызды қасиеті – атыс нәтижелерін мұрағаттау мүмкіндігі. Енді ғана бірінші курсқа келген курсант ату ісін оқып кеткен жоғарғы курс топтарының жіберген қателіктерін қайталамауға септігі тиеді.



Атыс даярлығының оқытушысы кез келген сәтте монитор экранында сол немесе өзге де оқ атудың нәтижелерін көре алады, бұл ретте көзілдіріктің жалпы көлемін емес, нақты түсу нүктелерін көрсетеді.

«Атыс дайындығы» пәні бойынша оқу процесінде гранатқыш тренажерларын қолданудың тиімділігін дәлелдеу үшін біз эксперименттік (ЭГ) және бақылау (КГ) оқу топтарының қатысуымен педагогикалық эксперимент жүргіздік.

Педагогикалық эксперимент барысында атыс жаттығуларының тиімділігіне әсерін зерттеу керек болды. «Атыс дайындығы» пәні бойынша практикалық сабақтарда зерттеудің эксперименттік бөлігі өткізілді, оның мақсаты «ГП-25» ату тренажері мен арнайы дайындық жаттығуларының кешенін пайдалану негізінде ұтымды қозғалыс әрекеттерін дәйекті игеру арқылы ЭТ дайындау процесінің сапасын арттыру болды. Бақылау тобы жалпы қабылданған әдістеме бойынша жұмыс жасады. «Атыс дайындығы» пәнінің практикалық сабақтарында «РПГ- 7» БТ курсанттары айналмалы жаттығу әдісімен гранат атуды меңгеру дағдыларын пысықтады, сондықтан оқу орындарын өзгертіп, атуға дайындықты, «ГП-25» бағдарламалық жаттығуларын және оқу құралымен нормативтерді орындады [4].

Эксперименттік топ оқу мәселелерін зерттеумен қатар, тренажерінде «нысана-қару-жарак» жүйесінің тұрақтылығын дамытуды қамтамасыз ететін, нысанаға алынған қаруды ұстау, мақсат қою дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдістеме бойынша төмендетілген. Зерттеудің бірінші кезеңінде курсанттар бағытталған жаттығулар жиынтығын орындады. Қаруды дұрыс ұстау және ату тренажерін қолдана отырып, бағытына қарай дұрыс көздеуді үйренді. Бірінші кезеңнің соңында біз бақылау бөлімін жүргіздік, ол ЭТ нәтижелерінің оң динамикасын анықталды (1-кесте).

«РПГ- 7»	БТ-да жаттығуларды орындау үшін белгілер	ЭТ-да жаттығуларды орындау үшін белгілер
Орыннан ату	7,01±2,53	7,21 ± 3,21
Қозғалыстан кейін ату	6,72±2,35	7,34 ± 1,93
Әр түрлі қалыпта ату	5,64±2,14	7,35 ± 2,02

1 кесте. «РПГ-7» гранатқыштан ату жаттығуларын орындағаннан кейін ЭТ және БТ нәтижелері

Екінші кезеңде эксперименттік взвод курсанттары оқу сабақтарында нысананы көздеп, шектеулі уақытта тренажерде ату дағдыларын пысықтады, бұл бақылау атыстарының нәтижелеріне оң әсер етті. Бақылау атыстарында курсанттар ЭТ және БТ атыс тренажерінде шектеулі аймаққа гранатаатқыш ату жаттығуларын орындады (2-кесте).



Топтар	«ГП-25» ату жаттығулары		t, p
	эксперимент соңында		
	$\chi \pm \sigma$	$\chi \pm \sigma$	
БТ	18,78±4,01	1,65±1,03	4,62<0,05
ЭТ	23,65±3,06	2,24±0,71	

2 кесте. Эксперименттің соңғы сатысында шектеулі аймаққа бақылау атыстарын және жаттығуларын орындау нәтижелер

Қорытынды

Бақылау атыстарының нәтижелері келесі қорытындыларды тұжырымдауға мүмкіндік берді. Компьютерлік тренажерларды қолдану көздеп атуды жүргізу үшін нақты дағдыларды қалыптастыруға, сондай - ақ курсанттардың қателіктерін анықтауға және түзетуге мүмкіндік береді. Тренажердің көмегімен граната ату кезінде мақсатты қателерді анықтау әлдеқайда оңай.

Курсанттарды атыс дайындау процессінде оптикалық-электрондық тренажерларды қолдану көздеп ату дағдыларын қалыптастыруда оның жоғары тиімділігін көрсетті. Курсанттардың сабақ өткізу түріндегі үлгерімі артты, бұл оқыту уәждемесінің тереңдеуіне және атыс даярлығының сапасын арттыруға алып келді. Курсанттардың білім алуда қызығушылығы арта түседі.

Оқытуға техникалық құралдар кешенің енгізу курсанттың атыс дайындығы процесін тиімді басқару жүйесін құруға оңтайлы [5].

Бұл оған қаражат шығармай, аз уақытта жоғары нәтижелерге қол жеткізе алады. Оқу процесінде тренажерлер неғұрлым әр түрлі қолданылса, курсанттың атыс дағдылары мен физикалық қасиеттері: жылдамдық пен үйлестіру соғұрлым тұрақты болады. Бұл оған төтенше жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға, оқу процесінде алған батылдық пен ұстамдылықты көрсетуге мүмкіндік береді. Уақытты үнемдеумен қатар, білім сапасының әлдеқайда жақсаратыны анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Момышұлы Б. Соғыс психологиясы. – Алматы, Қазақстан, 1996. – 54 б.
2. Гончаренко. Э.А. Атыс дайындығы бойынша сабақтар өткізу кезінде оқытудың техникалық құралдарын пайдалану // спорттық қызметті техникалық қамтамасыз етудің жай-күйі мен перспективалары: II Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Минск, 13-14 ақпан. – 2014. – 9 с.
3. Ларин А.А. Арнайы жасақ қызметкерлерінің атыс дайындығы: базалық курс. – М.: Фаир-Пресс. – 2000. 139 б.
4. Могилев А. Атыс дайындығы: «Қоғамдық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша оқу бағдарламасы. – БГУ «Университет», 2018. – 67 б.
5. Нурахметов Н. Н., Ауельбеков Г.Д. Тенологизация учебного процесса: казахстанский опыт. – Алматы: АО «Аруна», 2005. – 224 с.



Жазыкбаев Ж.У., Кошекков А.Ж.

Подготовка и совершенствование приемов и способов стрельбы из гранатомета с помощью комплексного тренажера

В статье особое внимание уделяется применению гранатометов в процессе прохождения начальной подготовки, а также обучения курсантов правильному прицеливанию из них. Автор ставит перед собой задачи по всестороннему совершенствованию применению технических тренажеров и показывает пути их решения. Поднимает вопросы применения современных технических средств в системе освоения курса огневой подготовки в военных вузах.

Обосновывает необходимость внедрения большего количества технических тренажеров, использования тренажеров в процессе обучения курсантов по дисциплине огневой подготовки. Соискатель предлагает методологию способов обучения курсантов эффективным навыкам применения гранатомета.

Ключевые слова: выбор оружия, контрольная группа, точки попадания, оптико-электронный тренажер, гранатомет.

Zh.U. Zhazykbayev, A.Zh. Koshekov

A comprehensive simulator for training and improving grenade throwers

Passing the initial training, as well as training cadets and the correct aiming of the target from them. The author sets goals and objectives for the comprehensive improvement of the lesson "fire training " and shows ways to solve it. Raises questions of the use of modern technical simulators in the system of mastering the course of fire training in military universities.

To date, the grenade launcher provides modern support for the base of theoretical materials on a complex simulator. Substantiates the need to introduce more technical simulators using simulators in the process of training cadets in the discipline of fire training. The applicant offers a methodology of ways to teach cadets effective skills of using a grenade launcher.

Key words: weapon catching, control group, target-weapon, exact hit points, possibility of correction, optical-electronic simulator, grenade launcher

References:

1. Momyshuly B. (1996). Soğys psihologiasy [Psychology of war]. – Almaty, Qazaqstan. – 54 p.
2. Goncharenko, E.A. (2014). Atys dayindygy boyinsha sabaqtar otkizu kezinde okytudyn tekhnikalık kuraldaryn paidalanu // sporttyk qyzmetty tekhnikalık qamtamasyz etudyn zhai-kuyi men perspektivalary [The use of technical means of training during fire training classes//The state and prospects of technical support of sports activities]. II International Scientific Conference of Materials. – 9 p.
3. Larin, A.A. (2000). Arnayı zhasaq qyzmetkerlerinin atys dayindygy: bazalyq kurs. [Special Forces fire training: basic course]. – M.: Fair-Press. – 139 p.
4. Mogilev A. (2018). Atys dayindygy: «Kogamdyq qauipsisdikti qyqyktyk qamtamasyz» mamandygy boiyinsha oku bagdalamasy. [Training program in the specialty Legal support of operational investigative activities]. BГУ« Universitet». – 67 p.



5. Nurahmetov N.N., Auelbekova G.D. (2005). Technologizatsia ushebnoho processa: Qazaqstanskii opyt. [Technologization of the educational process: Kazakhstan's experience]. – Almaty: JSC «Aruna». –224 p.

Жазықбаев Жасұлан Ұпағалиевич	подполковник, Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институтының атыс дайындығы кафедрасының оқытушысы, Алматы, Қазақстан
Жазықбаев Жасұлан Ұпағалиевич	подполковник, преподаватель кафедры огневой подготовки Военного института Сухопутных войск имени Сагадата Нурмагамбетова, Алматы, Казахстан
Zhazykbayev Zhasulan	lieutenant colonel, lecturer of the Department of Fire Training of the Military institute of Land Forces named after Sagadat Nurmagambetov, Almaty, Kazakhstan

Кошекков Азат Жанатұлы	подполковник, ҚР ҚМ Халықаралық ынтымақтастық департаменті бітімгершілік қызметі басқармасының бастығының орынбасары, Астана, Қазақстан
Кошекков Азат Жанатович	подполковник, заместитель начальника управления миротворческой деятельности Департамента международного сотрудничества МО РК, Астана, Казахстан
Kosekov Azat	lieutenant colonel, Deputy Head of the Peacekeeping Department of the Department of International Cooperation of the Ministry of Defense of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan